



ТУРАН- ҚАЗАЛЫ

№36
(2207)
Сенбі
27 сәуір
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі аудандық комиссияның отырысы өтті.

Мәжілісті аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сөз сөйлеп ашты. Күн тәртібінде аудандағы орта және арнаулы орта білім беру ұйымдарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында атқарылған шаралар және алдын алу жөніндегі мәселелер қаралды. Бұл жөнінде Қазалы аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов пен Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің директоры Арман Мұсаев баяндама жасады.

Баяндама тыңдалып болғаннан кейін аудан басшысы өткен жылы сыртқы талдау нәтижесімен облыстың білім саласында мемлекет



қаржысын жымқыру фактілері орын алғанын тілге тиек етіп, мұндай жағдайлардың алдын алу бағытында бірлескен шаралар

жүргізу керектігін ескертті. Мұнан бөлек мектептер мен колледжде азаматтарды жұмысқа қабылдауда, мемлекеттік сатып

алулар мәселесінде ешқандай сыйбайластықтың көрінісі болмауы керектігін қатаң тапсырды.

Комиссия барысында күн тәртібінде қаралған мәселелерге қатысты аудан прокуроры Дарын Әбіш пен аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сауалдарын қойып, бірқатар ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Жиын соңында қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен дербес бөлімдер, білім беру ұйымдарының басшыларына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептерін болдырмау, алдын-алу бағытында тиісті шаралардың қабылдануын және қызметшілердің әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге қатысты бірқатар тапсырмалар жүктелді.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ҚАЖЕТ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті.

Комиссия отырысында бөтеннің мүлкін ұрлау, оның ішінде мал ұрлығы қылмыстарының алдын алу бағытында атқарылған шаралардың нәтижелері талқыланды. Бұл жөнінде аудандық полиция бөлімі

бастығының орынбасары Болатхан Мұқанов пен аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов баяндама жасады.

Мұнан соң «Майдакөл» ауылдық округі бойынша 2023 жылы орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтар мен олардың алдын алу бойынша атқарылған шаралар туралы ауылдық округтің әкімі Қонысбек Құрманбаев хабарла-

ма жасады.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша атқарылған жұмыстардың легін тыңдаған аудан басшысы бүгінгі таңда аудан бойынша, әсіресе ауылдық округтерде мал ұрлығының белең алып отырғандығын айтты. Сонымен қатар елді мекендердегі учаскелік полиция инспекторлары мен ауыл әкімдері бірлесе жұмыс істеп, мал ұрлығының алдын алудағы жұмысты күшейтуді

тапсырды.

Аудан басшысы өзге де түрлі құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізіп, ауыл шаруашылығы жануарларына чип орнату, сырғалау, сәйкестендіру және таңбалау жұмыстарының да баяу жүргізіліп жатқандығын айтып, бұл жұмыстарды жүйелі орындауды тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚЫЗУ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕЙІК

Көктем айы келіп, айнала жаңарып, жаңара бастады. Осы кезде жыл сайын мекемелер мен кәсіпорындары, кәсіпкерлік нысандар, жеке тұрғын үйлердің аулалары тазаланады. Жаңадан тал-шыбықтар, жеміс ағаштары отырғызылады. Дағдылы жұмыс биыл да басталып кетті.

Алайда бес саусақ бірдей емес. Арамызда бұған немкетті, селқос қарайтындар да жолығады. Соның салдарынан кент ішінде күл-қоқысқа толы аумақтар кездесіп, кінәлілер айыппұл төлеуге мәжбүр болуда.

Бірде Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында ауданның санитарлық-тазалығына, көгалдандыру, көркейту жұмыстарына арналған кеңейтілген мәжіліске қатыстық. Онда Қазалы ауданының әкімі М.Шермағанбет күн тәртібіндегі мәселеге мемлекет басшысы ерекше мән беріп отырғанын ескертіп, атқарылған істер мен алдағы міндеттер жайын жан-жақты түсіндірді. Айтылған әңгіменің бәрі орынды. Әсіресе халық көп шоғырланған базар маңы біраз ретке келтірілгені жөн.

Тазалық – денсаулық

кепілі. Олай болса бүкіл аудан тұрғындары өзіміздің үйіргелік жерімізге мұқият қарап, оның жинақы болуын қадағалайық. Мүмкіндік болса саялы ағаш пен жеміс-жидек өсіруге мән берейік. Өйткені қоршаған ортамыз көрікті де таза болса, көңіл-күйіміз де көтеріңкі жүреді.

Ардақты ағайындар, Ел Президентінің «Таза Қазақстан» акциясы мен аудан әкімінің алға қойған жоспарына қолдау көрсетіп, бір кісідей атсалысайық.

Сахи БАХИҰЛЫ,
Әйтеке би кентіндегі
Қ.Сансызбаев көшесі
комитетінің төрағасы

● Баспасөз - 2024

2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2024 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

**Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің редакциясы**

● Көктемгі көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы қалай жүргізілуде?

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Әйтеке би кентінің аумағында 2024 жылдың наурыз айынан бастап санитарлық тазалық жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Тазалық жұмыстарының сапалы орындалуына аудан, кент әкімшілігі ұдайы бақылау жасауда. Соған сәйкес, жүргізіліп жатқан жұмыстар нәтиже беруде. Нақтырақ айтсақ, Әйтеке би кентінде бүгінгі күнге дейін 14 сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, 140 тонна қоқыстар мен 159 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар арнайы орынға шығарылды.

Сондай-ақ, апта сайын 15-тен астам техника тазалық жұмыстарына жұмылдырылуда. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Жасыл аймақ», «Киелі мекен», «Таза өлке», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» апталықтары ұйымдастырылды.

Атап айтсақ, «Жасыл аймақ» апталығы аясында «Жеңіс» саябағында «Biztazaaimaqushin» акциясы жүргізіліп, 300 түп ағаш көшеттері отырғызылды. Алдағы уақытта басқа да саябақтар мен скверлер, аллеялар аумағына 2000 түп жасыл желек отырғызу жоспарланған. Сенбілік жұмыстары барысында 23,4 шақырым аяқ су арықтары тазартылды.



сәулет және қала құрылысы бөлімі, «Шұғыла» балабақшасы, №6 вагон пайдалану депосы, ШЧ-40, ПЧ-60, «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» Қазалы учаскесі және тағы басқа мекемелер бар.

3-ші аймақтың аумағы

графигін жасап келеді. Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың депутаты Райымбек Бөлебай мен қоғамдық кеңес мүшесі Берік Бисенбаев көше комитеттерінің төрағаларымен бірлесіп, тұрғындарды тазалық сақтауға біркісідей атсалысып, жұмыс істеу үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Жоғарыда аталған мекемелердің күшімен Мұстафа Шоқай көшесінің аяқ жағында орналасқан кул-қоқыс орнына айналған аумақ пен Сұлтан Аманов тұйығындағы қорым айналасы, Желтоқсан көшесіндегі екі қабатты үйлердің ауласы қоқыс қалдықтарынан апта сайын тазартылып,

ретке келтірілуде. Сондай-ақ, тазалық жұмыстарының сапалы жүргізілуі үшін Дәулет Тұяқбаев, Бейбіт Қазығұлов, Панабек Алиев секілді азаматтар арнайы техникалармен қамтамасыз етуде.

Және де учаскелік полиция инспекторлары тұрғындарға санитарлық тазалық тәртібін сақтау жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізіп, тәртіп сақтамаған тұрғындарға заңдылықтарға сәйкес айыппұл салуда. Санитарлық тазалықпен

бірге бүгінгі күнгі өзекті мәселе – иесіз иттер мен мысықтарды да жою тиісті мекеме арқылы жүзеге асырылуда.

Осы мақаланы жазып отырып аудан тұрғындарына асырап отырған үй жануарларына, әсіресе иттерге ие болу керек екенін өтінеміз.

Қалада тұру мәдениеті деген ұғым бар. Ол әрбір тұрғын өз үйінің алдына, ауласына қарап таза ұстауға міндетті.

Мысалы, Еуропаның бір елінде егерде тұрғын ауласын таза ұстамай, жауапсыздық танытса және де оны көршісі көріп қалып тиісті орындарға хабарласа ол кісіге ірі көлемде айыппұл салып немесе 10 тәулікке қамауға алады екен. Мүмкін бұл заң қазақы елге келмейтін де шығар, дегенмен сол озық елде әлі күнге дейін күшінде.

Аудан орталығында тұратын тұрғындардың құлағына алтын сырға, Қазалы қаласының әрбір тұрғыны қалада тұру мәдениетін, есігінің алдын таза ұстау сияқты қағидаларды қатаң сақтайды. Қазір Қазалы қаласына барып көрсеңіз көшелердің тазалығына таңқаласыз. Сондықтан ба қаланың ауасы кентке қарағанда таза және адамның кең демалуына қолайлы.

Оқырман ойлайтын шығар қалада 10 мыңға жуық кентте 50 мыңға жуық тұрғын тұрады деп. Қалада қаншама адам тұрса да осы қалпын сақтап қалады деген сенімдеміз.

Тазалық - денсаулық кепілі. Таза қала, Таза Қазақстанды таза ету өзіміздің қолымызда, ағайын.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»



Айта кетейік, тазалық жұмыстары 7 аймаққа бөлінген. Газетіміздің өткен санында I және II-ші аймақтағы атқарылған жұмыстар жайлы әңгімелеген болатынбыз. Соның бірі 3-ші аймақ. Аталған аймаққа тазалық жұмыстарын бақылау үшін жұмысшы топ құрылды. Топ жетекшілігіне аудан әкімінің орынбасары Сүйеубаев Жалғас бекітілді. Жұмысшы топтың құрамында Қорқыт ата атындағы өнер мектебі, №288 мектеп, аудандық құрылыс,

шығыстан Жанқожа батыр көшесінен батыс теміржол өткеліне дейін, оңтүстіктен Қ.Сәтбаев көшесінен бастап В.Счастнов көшесіне дейінгі аралықты қамтиды.

Бүгінгі күнге дейін Әйтеке би кентінің 3-ші аймағында әр жұма сайын Әйтеке би кенті әкімі аппаратының бөлім басшысы Жарқын Боранқұлов пен аудан әкімі аппаратының статисті Сұлтан Жүніс аймақ бойынша қоқыс бар жерлерге мониторинг жүргізіп, апта сайын тазалық

МАХАМБЕТ ЖАЙЛЫ БІР ДЕРЕК

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің 24 қаңтардағы №7 санында Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Беганыш Жақсыбайдың «Сарман мен Махамбет» атты мақаласы жарияланды. Мақала кейіпкері Махамбет менің атам. Ол кісі орта бойлы, мығым, екі иығына екі адам мінгендей ірі денелі болған. Жас кезінде балшыққа батқан сиыр, өгіз, түйені арқан тастап сүйреп шығарады екен. Ол жайлы әкем, мен туған-туысқандары айтып отыратын. Өзін күреске шақырғанмен бармаған.

Атам Махамбет Балғабайұлы 1874 жылы Арал ауданы, Райым бекетінде дүниеге келген. Жас кезінен әкесімен бірге мал бағып, балық аулаған. Ата-анадан алты бала, тұңғышы Айша, одан кейін Махамбет, Елеусіз, Жұмахмет, Қосжан және Ақмоншақ атты кіші қызы болған. Балғабайдың Үренқия, Балқия деген екі әйелі он саусағынан өнері тамған шебер болса керек. Алаша, кілем тоқыған, киізбасқан, теріні илеп, шапан, етік тігумен айналысқан. Балалары да ата-анасының кәсібін жалғастырып балық аулап, мал бағып, аңға шығып, қол өнермен айналысқан.

Махамбет атам үйленгеннен кейін қалаға көшіп келіп, Сырдариядан Жаңақазалыға қарай ағатын каналдың жағасына қам кесектен үй салып сонда тұрған. Балалары көп болғанмен жастай дүниеден өтіп, тек үш баласы қалған екен. Үлкен ұлы Қосымбет 1912 жылы, қызы Маржан 1915 жылы, кіші ұлы Ахмет 1918 жылы дүниеге келіп Қазалы қаласындағы мектепте оқыған.

Қосымбет мектептен кейін мұғалімдер даярлайтын курсты бітіріп мектепте мұғалім болған. Гүлханым деген арумен шаңырақ құрып, үшқызы болған. Олар Роза, Рамиза, Раушан. 1941 жылы соғыс басталғаннан кейін Отанды қорғауға аттанып, содан оралмады. Үш қызыда тұрмыс құрды, оларда дүниеден өтіп ұрпақтары, балалары, немерелері өсіп-өніп өмір сүріп жатыр.

Қызы Маржан қосылған жары Бисенбай екеуі алты бала тәрбиелеп өсірген.

Кіші баласы Махамбетұлы Ахат мектепті бітіргеннен кейін 1938 жылы Беларусьияның Минск қаласындағы әскери училищеге оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін фин соғысына, кейін Ұлы Отан соғысы баста-

лып аға лейтенант шенінде танк бригадасының командирі, одан кейін полк командирінің орынбасары болғанда танк ішінде оқ тиіп, дала госпиталында 1944 жылы ақпан айында қайтыс болған.

Атам Махамбет қарулы адам болған. Тұрғындар асау өгіздерді соятын кезде атамды шақырып көмек сұрайды екен. Төрт адамның әлі келмеген өгізді бір өзі мүйізінен, тұмсығынан ұстап санымен қаққанда өгіз құлап қасындағы жігіттер аяқтарын байлап үлгереді екен.

Бірде атам бір ауылға барғанда жылқыға бас үйретіп жатқан адамдарға кездеседі. Сонда бір үлкен кісі мына асау жылқыға бас үйрете алмай жатырмыз, тұлғаң бар екен көмектесіп жіберші дейді. Сонда атам жылқының бас жібін ұстап өзіне тартып аттың құлағынан және тұмсығынан ұстап қатты сілкіп, алдыңғы аяғынан қағады. Ат құлаған кезде үстіне мініп мыжып-мыжып, сосын орнынан тұрып, енді ат туламайды. Оған қол батса тырп етпей жатады. Енді өздерің ие болыңдар деген екен.

Ал менің өзімнің көргенім, үйде сауынға пайдаланған

жылқылар, сиырлар болды. Арбаға жегетін өгіз жоқ. Сондықтан атам кейде сиырды арбаға жегетін. Олар көнбейді, атамды көрсе қашады, мен оларды қуып сарайға тығамын. Сонда атам сиырды арбаға жегемін деп алып келеді, бірақ олар көнбей тулайды. Ашуланып атам мүйіздерінен ұстағанда мүйізі атаның қолында қалатын. Ол қолындағы шыбығымен сиырды ұрғанда қайқаң етіп жата қалатын. Жазда сол ұрған жерінің терісі түсіп қалатын.

Махамбет атамның інілері Егеусіз, Алуаштан туған төрт ұлы болды. Олардың балалары, немерелері, шөпшектері өркен жайын өсіп-өніп жатыр. Елеусіз атамсыз мәсі, етік, байпақ тігетін. Жұмахмет атамсыздың үш ұл, екі қызы болды. Солардан қалған Патшагүл апамыз. Апамыздың ұлы Мырзалы Ақтөбеге көшіп, балалары сол жақта өмір сүруде.

Қосжан атамсыз Бадам екеуі үш ұл тәрбиелеп өсірді. Кіші ұлы Өмірбек Жетісайда саудамен айналысады. Қосжан атамсыз құрылыс маманы болды.

Махамбет атам Қазалы станциясында 1961 жылы 86 жасында дүниеден озды.

Жеткербай МАХАМБЕТ

КЕЛІН СӨЗІНЕ ҚҰЛАҚ АСҚАН ҚАРТ АНА

...Көрші апа Кұлайшаның немересін «бесікке салу» қуанышына ауыл-айналасы ортақ ниет білдіріп жатты. Жиналғандардың дені енді ғана «әже» атанып, немере сүйген, қырық-елу жастың о жақ, бұ жағындағылар. Араларында бірді-екілі қарт әже бар. Аула іші абыр-сабыр, балалардың шуынан құлақ тұнғандай.

Дастархан басында жетпістегі Жұмагүл әже қақ төрден орын алды. Бұл кісі осы қуанышқа өзімен бірге шөберелері-Бектұр мен Ернұрды ерте келіпті. Бектұр болса балалармен ойнап жүр, ал, Ернұр ара-тұра айналып кеп әжесінен сұрамайтыны жоқ. Біресе көмпіт, біресе нан, шай сұрап мазалап қояды.

Ернұрының қалаған тәттісін беріп, әр қозғалған сайын төрдегі орнынан жылжып төмен түсіп, есікке жақын қалғанын өзі де аңғарып жатпады. «Апа, жоғары отырыңыз,» -деген келіндерге: «Қазір, қазір» деп қояды. Бар ойы, шөбересі Ернұрда, тәтті сұрап мазалайтындай.

Шай ішіліп болып, дастарханға «Бата-тілек» сұралғанда, бата берер үлкені Жұмагүл әжеге басқа жұрт жалтақ-жалтақ қарай берді. Осы сәт ізін басқан тетелес келіні Күләштің:

-Апа-ау, төрдегі орныңызды есікке әкеліп, о несі? Екі ортада бізге, мына келіндеріңізге ыңғайсыз болды ғой. Қайта төрге отырыңыз да, бата беріңіз мына дастарханға, -деді. Өзіл-қалжыңы аралас болса да, салмақты айтылған сөзі жиналған жұртты бір серпілтіп тастады. Өзіне тетелес келіні Күләштің сөзінен ой түйіндеген Жұмагүл әже:

-Дұрыс қой, бұл күшіктер «күйіп қала ма» деп тағат таппайсың. Ұятты болдым-ау, тәйірі-деп күле жауап қайтарды.

Үлкен де болса бір ауыз сөзге құлақ қойып, ой түйіндеген әже кейінгі кездері «күшіктерін» үйіне қалдырып шығатын болды. Десе де, бір нәрсесі ұмыт қалғандай болады да тұрады...

Қазыбай САНИЯЗОВ,
Қазалы қаласы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ - ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА



Ұлттық құндылық – ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидалары. Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқа көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтарды сақтайтын да, ұлықтайтын да ұлттық тәрбие.

Ұлттық тәрбиенің көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнегесі бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ой-шыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары. Сонымен бірге, отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз,

ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттер, ізгілік сынды сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттары.

Қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі, ақын Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық мұрасында атап көрсеткендей: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» дей отырып, қазақ баласының тәрбиесіне жоғары мән беріп, ұлы ақын Абай жолының үрдісімен баланы дәл өзіндей қылып шығару емес, заманына лайық азамат етіп тәрбиелеуді ұсынды.

Ал, ұлт Тәуелсіздігінің басты тұғыры болып саналатын ұлттық құндылықтар жойылмас үшін, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықты сіңіру, оған құрметпен қарау, қасиеттеріне тәрбиелеу үлкен мәртебе. Осы мақсатты жүзеге асыруда, жеке тұлғаның ана тілін, ата тарихын, салт – дәстүрін меңгеруде, білім беру мен тәрбие жұмысының барлық бағыты бір – бірімен тығыз байланысты.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен өткен мерекеде «Наурызанама» онкүндігі атап өтілді. Бұл кезеңде Көрісу күні, Қайырымдылық, Ұлттық дәстүр, Отбасы, Ұлттық киім, Жаңару, Ұлттық спорт түрлері, Ынтымақ, Бірлік, Жаңа жыл және Тазалық күндеріне орай түрлі шаралар ұйымдастырылды. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі – ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, жас ұрпақтың ұлттық тәрбие беретін қымбат қазына.

Отанымыздың көк байрағын нық ұстайтын, Қазақстанның дамуын жаңа биіктерге асқақтата беретін өскелең ұрпақты өсіру – ұлт мәртебесі.

Жәния ЫСМАҒҰЛ,
Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің оқытушысы

ЖОБА

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚ ҮШІН ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУҒА, ТАСЫМАЛДАУҒА, СҰРЫПТАУҒА ЖӘНЕ КӨМУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 28 СӘУІРДЕГІ № 19 ШЕШІМІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қазалы ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі №19 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8407-11 болып енгізілген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

ПРОЕКТ

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ РЕШЕНИЕ КАЗАЛИНСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ОТ 28 АПРЕЛЯ 2023 ГОДА №19 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ТАРИФОВ НА СБОР, ТРАНСПОРТИРОВКА, СОРТИРОВКА И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ» ПО КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Признать утратившим силу решение Казалинского районного маслихата от 28 апреля 2023 года № 19 «Об утверждении тарифов на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов для населения по Казалинскому району» (внесено в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8407-11).

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

Ф.И.О.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА БОЛУЫ ТИІС

Қазіргі таңда елімізде балалардың қауіпсіздігі басты назарға алынауда. Сол себепті бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамаған жөн. Балалардың қатысуымен көптеген қайғылы жағдайлар орын алуда. Терезеден құлаған балалар туралы хабарламалар жиі айтылып, жыл сайын олардың саны көбеюде.

Балалардың терезеден құлау жағдайларын талдау барысында ата-аналар баланы ашық терезенің жанында пәтерде жалғыз қалдырғандықтан, олар жиі болып жатқанын айтады. Көптеген үйлерде заманауи шыны пакеттер пайда болуымен де байланысты. Егер осындай терезе москит торымен жабдықталған болса, онда ол екі есе қауіпті болады. Ата-аналар торды қорғаушы ретінде деп қате санайды. Бірақ балалар торды қорғаныс бөгет ретінде қабылдайды және оған сүйеніп, терезеден онымен бірге түседі.

Ересектердің назарына: Терезенің жанында жиһаз болмауы керек, ол балаға терезеге оңай шығуға мүмкіндік береді. Бала ешқашан терезесі ашық бөлмеде қараусыз қалмауы керек. Статистикаға сүйенсек балаларды қысқа уақытта қараусыз қалдырғанда құлау жағдайларының көбі орын алатынын көрсетеді. Терезеде

ойнауға тыйым салып, терезеге дұрыс қарауға үйрету керек. Балалар ата-аналардың мінез-құлқын әрдайым қайталайды.

Сонымен қатар балалардың отпен ойнауы да көбінесе өртке ұшыратады. Жасөспірімдердің отпен ойнауы ата-аналардың балаларына кез келген нәрсемен ойнауына жол беріп, кезекті тиым салмағандықтан туады. Арамызда балаларын үйге кілттеп, сіріңкелерді жасырмай, электр қуатымен жұмыс істейтін құралдарды ток көзінен айырмай кететін адамдарда жоқ емес. Ал мұның бәріне үйде қалған сәбилер назар аударады, осының өзі-ақ өртке ұрындырады. Сол себепті отпен ойнау қандай жағдайға ұшырататыны жөнінде балаларға айтып, түсіндіріп отыру ата-ананың міндеті.

Кішкентай балалардың отпен айналысуына, үйде жалғыз қалдыруға, оларға дүкеннен темекі, сіріңке алдыруға, жанып жатқан пешті, газ плиталарын қарауға жұмсауға тиым салынады.

Қорыта айтарымыз – балаларды сақтау әрбір ата-ананың абыройлы борышы.

Құрметті ата-аналар! Балалардың қауіпсіздігі сіздің қолыңызда!

Қазалы ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық, жүйесіне статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне

заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау подполковнигі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың II – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі		
Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні 10.00-12.00 15.00-18.00	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.